

"Тұқым сапасына сараптама жасау жөніндегі зертханаларды аттестаттау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 21 қарашадағы № 1364 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 қарашадағы № 1505 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 тамыздағы № 680 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.08.2015 № 680 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Тұқым сапасына сараптама жасау жөніндегі зертханаларды аттестаттау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 21 қарашадағы № 1364 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 3, 62-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін: көрсетілген қаулымен бекітілген Тұқым сапасына сараптама жасау жөніндегі зертханаларды аттестаттау қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы Тұқым сапасына сараптама жасау жөніндегі зертханаларды аттестаттау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Тұқым шаруашылығы туралы» 2003 жылғы 8 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген және заңды тұлғаларды тұқым шаруашылығы саласындағы ұлттық стандарттар мен өзге де нормативтік құжаттар талаптарына тұқымдардың сорттық және егу сапасының сәйкестігіне зерттеулер жүргізу құқығына аттестаттау тәртібін белгілейді.»;

2-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) тұқым сапасына сараптама жасау жөніндегі зертхана – тұқымдардың сорттық және егу сапасының тұқым шаруашылығы саласындағы ұлттық стандарттар мен өзге де нормативтік құжаттар талаптарына сәйкестігіне зерттеулер жүргізу құқығына белгіленген тәртіппен аттестатталған заңды тұлға;» ;

көрсетілген қағидаларға 5-қосымшада:

«Мамандар тізбесі» деген кестеде «Тұқым сарапшысының аттестаттау туралы куәлігінің № және күні» деген баған жаңа редакцияда жазылсын:

«тұқымдардың сорттық және егу сапасына сараптама жасау жөніндегі қызметті жүзеге асырудың басталғаны туралы жергілікті атқарушы орган тұқым

сарапшысынан алған хабарламаның № және күні».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
С. Ахметов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК